# ЖАПОНИЯ





Жапония — Шығыс Азия жағалауларына жақын маңдағы Тынық мұхит аралдарында орналасқан мемлекет. Ел 6852 аралдардан тұрады. Ең үлкендері: Хоккайдо, Хонсю, Сикоку, Кюсю. Жер аумағы 372,2 мың $км^2$. Халқы 126,2 млн. (1997). Астанасы — Токио қаласы. Әкімшілік жағынан 47 префектураға бөлінеді. Жапония — бір ұлтты ел. Халқының 99,4%-і — жапондар.



# ТАБИҒАТЫ

Жапония аралдарының жан-жағын Тынық мұхит пен оған кіретін Жапон, Охот, Шығысында Қытай т-дері қоршаған. Жерінің көп бөлігі таулы-қыратты болып келеді. Неғұрлым ірі таулары: Хидака мен Кита ми (Хоккайдо аралында), Оу, Эчиго, Хида, Кисо, Акан ши (Хонсю аралында). Бұл тауларда сөнбеген жанартаулар әлі де көп.





# ГЕОГРАФИЯСЫ



Жапон аралдары солтүстіктен оңтүстікке қарай ұзыннан-ұзақ созылып жатыр. Жапонияның солтүстігінде, әсіресе Хоккайдо аралында, қар қалың түсіп, қысы едәуір суық болады, ал оңтүстігінің Рюкю аралдарының ауа райы тропиқалық климатқа жақын. Жапония – негізінен жылы әрі күн шуақты ел, алайда оның климаты әжептәуір ылғалды болып келеді.

**Жапондардың тұрмыс-тіршілігінде басқа бір мәдениетке ұқсамайтын өзіндік салты мол сақталған. Жапон үйлерінде жиhаз аз болады, еденіне күріш сабанынан тоқылған төсеніш - татами - төселеді. Жапондықтар аяқ киімдерін босағаға тастап, үйде шұлықпен немесе жалаңаяқ жүреді. Тамақтанатын әрі ұйықтайтын жері – еден. Сондықтан еденді әрқашан айнадай таза ұстайды.**

**Жапон өнері де, әсіресе кескіндеме өнері мен қуыршақ театры өзіндік ерекшеліктерге бай. Жапондар – сәнді гүл шоғын өте шебер жасайтын халық. Олардың дзю-до, каратэ сумо күресі секілді ұлттық спорт түрлері бүгінде бүкіл дүние жүзіне белгілі.**

**Жапонияда императордың билігі конституция арқылы шектелген: император - тек мемлекеттік символ боп табылады. Жапония Ұлыбритания сияқты – Конституциялық монархия болады.**





Токио ірі халықаралық қаржы орталығы бола отырып әлемдік ірі инвестициялық банктер мен сақтандыру компанияларының бас-пәтері болып табылады, сонымен қатар Жапониядағы көліктік, баспа және эфирге тарату концентраторы функцияларын атқарады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі орталықтандырылған экономикалық өсу кезінде көптеген ірі компаниялар өз пәтерлерін Осака (тарихи қаржы орталығы) сияқты қалалардан Токиоға билікке кең қолжетімді пайдалану мақсатында көшірген. Соңғы кездері бұл тенденция Токиода халық саны өсуі мен ондағы өмірдің қымбатшылығына байланысты







# Жапония

- Туы — 
- Астанасы — Токио
- Ақша бірлігі — Йен
- Жер көлемі — 279 мың км
- Халқы — 126 млн адам
- Ресми тілі — Жапон тілі
- Мемлекеттік құрылымы — Конституциялық монар
- Діндері
  - Синтоизм — Аруаққа табыну
  - Буддизм — Рухқа табыну
- Шетке шығарылатын көліктер
  - Тойота
  - Ниссан
  - Хондо
- Ерекшелігі
  - Бір ұлтты ел
  - Сауаттылық деңгейі 99 %
  - Орташа өмір ұзақтығы 79-80 жас аралы